

**Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою)
қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 3-3/1084 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 21 қаңтарда № 12897 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 26) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) қағидалары бекітілсін.

2. "Асыл тұқымды мал мәртебесін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-2/331 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11092 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде, 2015 жылғы 12 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2016 жылғы 2 маусымнан ерте қолданысқа енгізілмейді.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев
2015 жылғы 22 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 3-3/1084 бұйрығымен бекітілген

Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.12.2019 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 26) тармақшасына сәйкес әзірленді және асыл тұқымды өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін тұқым бойынша, өнімділік бағытындағы және ауыл шаруашылығы малдарының түрлері бойынша республикалық палаталар (бұдан әрі - Палата) береді.

3. Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесі малдың әр басына, бал ара ұясына жеке беріледі.

4. Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесі малдың тіршілігі кезінде бір рет беріледі.

5. Осы Қағидаларда фенотиптік көрсеткіштер болып малдың сыртқы, соның ішінде түсі және дене бітімі бойынша айқын білінетін белгілерінің жиынтығы түсініледі.

6. Асыл тұқымды өнім (материал) мәртебесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына сәйкес бірдейлендірілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 3-3/373 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7864 болып тіркелген) бекітілген Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорын жүргізу қағидаларына сәйкес тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларына (бал араларын, қояндарды, аңдар мен балықтарды қоспағанда) беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Асыл тұқымды мал мәртебесін алуға үмітті ауыл шаруашылығы малының иесі жеке немесе заңды тұлғалардың (бұдан әрі – Өтініш беруші) Палатаға мүшелік болуы қажет емес.

7-1. Асыл тұқымды өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) мәселелері бойынша Палатаның шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.12.2019 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Ірі қара малға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

8. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Асыл тұқымдық мал мәртебесін беру үшін ірі қара малдың қажетті ең төменгі жасы алты айды құрайды.

10. Өнімділіктің сүтті-етті және сүтті бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың мәртебесі мынадай өлшемшарттарға сәйкес болған кезде беріледі:

жануар тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы мәліметтердің болуы;

қолдан ұрықтандыру немесе эмбрионды трансплантациялау нәтижесінде алынуы;
әкесінде молекулалық генетикалық сараптаманың болуы;

"Индекстік бағалауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 176 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32478 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 176 бұйрық) сәйкес сиырларда асыл тұқымдық құндылыққа индекстік бағалаудың болуы;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында жануарлардың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерін орналастырады).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Өнімділіктің етті бағытындағы ірі қара мал үшін асыл тұқымды жануар мәртебесі бірінші және екінші санаттар бойынша беріледі.

Бірінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың мәртебесі мынадай өлшемшарттарға сәйкес болған кезде беріледі:

жануар тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы мәліметтердің болуы;

қолдан ұрықтандыру немесе эмбрионды трансплантациялау немесе бірінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды бұқамен шағылыстыру нәтижесінде алынуы;

әкесі бойынша шығу тегін растайтын молекулалық генетикалық сараптаманың болуы;

№ 176 бұйрыққа сәйкес асыл тұқымдық құндылыққа индекстік бағалаудың болуы;
таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында жануарлардың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерін орналастырады).

Екінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың мәртебесі жануарға мынадай өлшемшарттарға сәйкес болған кезде беріледі:

жануар тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы мәліметтердің болуы (импортталатын малдар үшін – экспорттаушы елдердің қағидаларына сәйкес);

қолдан ұрықтандыру немесе эмбрионды трансплантациялау немесе бірінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды бұқамен шағылыстыру нәтижесінде алынуы;

тірі массасы мен төлдеудің жеңілдігі бойынша абсолютті көрсеткіштер туралы деректердің болуы (импортталатын жануарлар үшін – экспорттаушы елдердің қағиаларына сәйкес);

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында жануарлардың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерін орналастырады).

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-1. Алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Сүтті-етті және сүтті бағыттағы ірі қара мал үшін, сондай-ақ бірінші және екінші санаттағы етті бағыттағы ірі қара мал үшін асыл тұқымды жануар мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ірі қара малға асыл тұқымды жануар мәртебесін беруге өтініш береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 9-тармағындағы талапқа және 10 және 11-тармақтарында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкестігіне, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің болуын тексереді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Осы Қағидалардың 9-тармағындағы талапқа және 10 және 11-тармақтарында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде:

ірі қара малға жеке тіркеу нөмірін және өнімділіктің сүтті-етті және сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың мәртебесін/бірінші немесе екінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың мәртебесін береді;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды жануар мәртебесін беруді есепке алу журналына жануар туралы мәліметтерді енгізеді;

Өтініш берушіге жазбаша хабарлама жібереді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Ірі қара мал осы Қағидалардың 9-тармағындағы талапқа және 10 және 11-тармақтарында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде асыл тұқымды жануар мәртебесін беруден уәжді бас тартуды жібереді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Ірі қара малға асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

16-1. Етті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымдық мәртебесін екінші санаттан бірінші санатқа өзгерту үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ірі қара малдың асыл тұқымдық мәртебесі санатын өзгертуге арналған өтініш береді.

Палата Өтініш берушіден өтініш алғаннан кейін осы Қағидалардың 9-тармағындағы талапқа және 11-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген өлшемшарттарға сәйкестігіне мәліметтердің толықтығын, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің болуын тексереді.

Осы Қағидалардың 9-тармағындағы талапқа және 11-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде:

екінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малға бірінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара мал мәртебесін береді;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды жануар мәртебесін беруді есепке алу журналына жануар туралы мәліметтерді енгізеді;

Өтініш берушіге жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл ретте жануардың жеке тіркеу нөмірі өзгеріссіз қалады.

Етті бағыттағы ірі қара мал осы Қағидалардың 9-тармағындағы талапқа және 11-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде асыл тұқымдық мәртебе санатын өзгертуден уәжді бас тартуды жібереді.

Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.12.2019 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-параграф. Қойларға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

17. Асыл тұқымды жануар мәртебесін беру үшін қажетті қошқардың (қойдың) (бұдан әрі – қой) ең төменгі жасы төрт айды, қаракөл қойлары үшін қоздаудан соң екінші-үшінші күнді құрайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.12.2019 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Қойға асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

мал тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы нақты мәліметтердің болуы (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда тегінің үшінші қатары туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі);

бағалаудан өтуі, соның ішінде тірі салмағы мен дене бітімі бойынша, құйрығының пішіні мен көлемі, жүнінің салмағы, сыныбы және түсі, өнімділік бағыты бойынша;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында малдың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады).

19. Қойға асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қойға(ларға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

20. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 17, 18-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

21. Қой көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жануар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген қойға асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

22. Қой көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде қойға асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

23. Қойға асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

3-параграф. Жылқыларға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

24. Асыл тұқымды мал мәртебесін беру үшін айғырдың (биенің) (бұдан әрі – жылқы) қажетті ең төменгі жасы он сегіз айды құрайды.

25. Жылқыға асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

мал тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы нақты мәліметтердің болуы (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда тегінің үшінші қатары туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі);

бағалаудан өтуі;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында малдың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады).

26. Жылқыға асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылқыға(ларға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

27. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 24, 25-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

28. Жылқы көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жануар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген жылқыға асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

29. Жылқы көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жылқыға асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

30. Жылқыға асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

4-параграф. Құстарға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

31. Құстарға асыл тұқымдық мәртебе тәуліктік жастан бастап беріледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.12.2019 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Асыл тұқымды құс мәртебесі ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес болған кезде беріледі:

құстың шығу тегі мен өнімділік көрсеткіштері және ата-енесінің өнімділік көрсеткіштері туралы (түйеқұста – жануар тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда үшінші қатар тегі туралы мәліметтер беруге жол беріледі)) дұрыс мәліметтердің болуы;

бағалаудан өткен болуы;

кросқа (тұқым стандартына) сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында жануардың тиісті крос (тұқым) стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады).

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.12.2019 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Асыл тұқымды құстар мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құсқа(тарға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

34. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 31, 32-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

35. Құс(тар) көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жануар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген құсқа(тарға) асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

36. Құстар көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата Өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде құсқа(тарға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

37. Құсқа асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

5-параграф. Ешкілерге асыл тұқымды мал мәртебесін беру

38. Асыл тұқымды мал мәртебесін беру үшін текенің (ешкінің) (бұдан әрі - ешкі) қажетті ең төменгі жасы жеті айды құрайды.

39. Ешкіге асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

мал тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы нақты мәліметтердің болуы (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында

орналастырылған құжаттарда тегінің үшінші қатары туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі);

бағалаудан өтуі; соның ішінде тірі салмағы мен дене бітімі, жүнінің сыныбы мен түсіне, сүттілігі бойынша;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында малдың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады).

40. Ешкіге асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ешкіге(лерге) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

41. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 41, 42-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

42. Ешкі көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жануар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген ешкіге асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

43. Ешкі көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде ешкіге(лерге) асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

44. Ешкіге асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

6-параграф. Шошқаларға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

45. Қабанға (мегежінге) (бұдан әрі – шошқа) асыл тұқымды мал мәртебесі өсіруге берген кезде беріледі (90 – 120 күн).

46. Шошқаға асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

мал тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы нақты мәліметтердің болуы (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда тегінің үшінші қатары туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі);

бағалаудан өтуі, оның ішінде тірі салмағы, дене ұзындығы, дене бітімі, майының қалыңдығы;

таза тұқымдылық (бірнеше тұқымды шағылыстыру кезінде алынған жануарларды қоса алғанда);

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында малдың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады).

47. Шошқаға асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шошқаға(ларға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

48. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 45, 46-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

49. Шошқа көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жануар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген шошқаға асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

50. Шошқа көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде шошқаға(ларға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

51. Шошқаға асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

7-параграф. Түйелерге асыл тұқымды мал мәртебесін беру

52. Асыл тұқымды мал мәртебесін беру үшін бураның (түйенің) бұдан әрі – түйе) қажетті ең төменгі жасы он екі айды құрайды.

53. Түйеге асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

мал тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы нақты мәліметтердің болуы (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда тегінің үшінші қатары туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі);

бағалаудан өтуі;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында малдың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады).

54. Түйеге асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түйеге(лерге) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

55. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 52, 53-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

56. Түйе көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жануар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген түйеге асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

57. Түйе көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде түйеге(лерге) асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

58. Түйеге асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

8-параграф. Маралға (бұғыға) асыл тұқымды мал мәртебесін беру

59. Асыл тұқымды мал мәртебесін беру үшін маралдың (бұғының) қажетті ең төменгі жасы жеті айды құрайды.

60. Маралға (бұғыға) асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

мал тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы нақты мәліметтердің болуы (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда тегінің үшінші қатары туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі);

бағалаудан өтуі;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында малдың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады).

61. Маралға (бұғыға) асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша маралға(дарға) (бұғыға (ларға)) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

62. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 59, 60-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және

селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

63. Марал (бұғы) Критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жануар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген маралға (теңбіл бұғыға) асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

64. Марал (бұғы) көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде маралдарға (бұғыларға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

65. Маралға (бұғыға) асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

9-параграф. Бал араларға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

66. Асыл тұқымды жануар мәртебесі ең төменгі жасы оған асыл тұқымды аналық бал араны отырғызған сәттен бастап бір айды құрайтын бал ара ұясына беріледі.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Асыл тұқымды балара ұясының мәртебесі мынадай өлшемшарттарға сәйкес болған кезде беріледі:

бонитирлеуден өткен;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында жануарлардың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерін орналастырады).

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Бал ара ұясына асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бал ара ұясына асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

69. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 66, 67-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

70. Бал ара ұясы көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде бал ара ұясы туралы деректерді осы

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген бал ара ұясына асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

71. Бал ара ұясы көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде бал ара ұясына асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

72. Асыл тұқымды балара ұясы мәртебесі балара ұясына Палатада тіркеу нөмірі берілген күннен бастап беріледі.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 21.08.2025 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-параграф. Балықтарға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

73. Асыл тұқымды мал мәртебесін беру үшін балықтардың қажетті ең төменгі жасы, кұрайды:

тұқы мен бахтах үшін - 12 ай;

сібірлік бекіре үшін - 36 ай.

74. Балықтарға асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

жеке нөмірінің болуы;

ата-енесінің жеке нөмірлері болуы;

таза тұқымдылық.

75. Балыққа(тарға) асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша балыққа(тарға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

76. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 73, 74-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

77. Балық көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде балықтар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген балыққа асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

78. Балық көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде балыққа(тарға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

79. Балыққа асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

11-параграф. Қояндарға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

80. Асыл тұқымды мал мәртебесін беру үшін қояндардың қажетті ең төменгі жасы үш айды құрайды.

81. Қояндарға асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

мал тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы нақты мәліметтердің болуы (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда тегінің үшінші қатары туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі);

бағалаудан өтуі;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында малдың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады).

82. Қоянға(дарға) асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоянға(дарға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

83. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 80, 81-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

84. Қоян көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде қоян туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген қоянға асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

85. Қоян көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде қоянға(дарға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

86. Қоянға асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

12-параграф. Аңдарға асыл тұқымды мал мәртебесін беру

87. Асыл тұқымды мал мәртебесін беру үшін аңдарға (қаракүзен, түлкі, ақ түлкі, бұлғын, құндыз) қажетті ең төменгі жасы алты айды құрайды:

88. Аңдарға асыл тұқымды мал мәртебесі ол мынадай критерийлерге сәйкес болған кезде беріледі:

аң тегінің кемінде үш қатары бойынша тұқым-тегі туралы нақты мәліметтердің болуы (экспорттаушы елдің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттарда тегінің үшінші қатары туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі);

бағалаудан өтуі;

таза тұқымдылық;

тұқым стандартына сәйкестігі (Палата өзінің интернет-ресурсында малдың тиісті тұқым стандартының көрсеткіштерінен төмен емес фенотиптік көрсеткіштерді орналастырады);

89. Аңға (дарға) асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңға (дарға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруге өтінішті ұсынады.

90. Палата Өтініш берушіден өтінішті алғаннан кейін мәліметтердің толықтығын осы Қағидалардың 87, 88-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында деректердің бар болуын тексереді.

91. Аң көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде аңдар туралы деректерді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді есепке алу журналына енгізе және Өтініш берушіні жазбаша хабарлай отырып, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркелген аңға (дарға) асыл тұқым мәртебесін және жеке тіркеу нөмірін береді.

92. Аң көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда, Палата өтініш тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде балыққа (тарға) асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолдайды.

93. Аң асыл тұқымды мал мәртебесі Палатада тіркеу нөмірі берілген күнінен бастап берілген болып саналады.

13-параграф. Ұрыққа, эмбриондарға, инкубациялық жұмыртқаларға, тәуліктік балапандарға, уылдырықтарға, құртшабақтар мен жас балықтарға, асыл тұқымды аналық бал аралары және бал ара пакеттеріне асыл тұқымды мал мәртебесін беру

94. Асыл тұқым мәртебесі ұрықтың, эмбриондардың, инкубациялық жұмыртқалардың, тәуліктік балапандардың, уылдырықтардың, құртшабақтар мен жас балықтардың партиясына асыл тұқымды малдан алынған жағдайда беріледі.

95. Асыл тұқым мәртебесі асыл тұқымды аналық бал аралары мен бал ара пакеттеріне олар асыл тұқымды бал ара ұяларынан алынған жағдайда беріледі.

96. Ұрыққа, эмбриондарға, инкубациялық жұмыртқаларға, тәуліктік балапандарға, уылдырықтарға, құртшабақтар мен жас балықтарға, асыл тұқымды аналық бал аралары және бал ара пакеттеріне асыл тұқымды мал мәртебесін алу үшін Өтініш беруші Палатаға осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес өтінішті ұсынады.

3-тарау. Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін тоқтата тұру тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.12.2019 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

